

КОММУНИКАТИВТІК-ТАНЫМДЫҚ КЕЙСТЕР – БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ

*Қалиева К.М.¹, Жансугурова К.Т.², Аубакирова Г.М.³, Утебаева Б.Т.⁴

¹п.ғ.к., профессор Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

²п.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ,
Алматы, Қазақстан
e-mail: kulaisha61@mail.ru

³п.ғ.к., доцент, Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ, Алматы, Қазақстан
e-mail: gulsara_genpi@mail.ru

⁴п.ғ.м., аға оқытушы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан
e-mail: bota071@mail.ru

Аңдатпа. Қазақстанда болып жатқан динамикалық үдерістер жағдайында қоғам дамуының қазіргі кезеңі білім беру парадигмаларының ауысуымен, субъективтілікке, шығармашылық даралыққа және мамандардың жеке әлеуетін барынша арттыруға бағытталған жаңа педагогикалық технологияларға көшумен сипатталады, яғни практикалық іс-әрекетке мейлінше дайын, инновациялық процестерге тез араласып, кәсіби іс-әрекетін реттей алуға қабілетті маман даярлаудың жаңаша жолдарын іздестіру заман талабы.

Мақалада оқытудың осындай инновациялық технологияларының бірі ретіндегі коммуникативтік-танымдық кейстердің мәні ашып көрсетіледі, болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда осы технологияны қолданудың тиімді жақтары қарастырылып, дидактикалық мүмкіндіктері анықталады, оны педагогикалық процесте қолдану технологиясы жөнінде баяндалады.

Авторлар коммуникативтік-танымдық кейстерді, яғни мақсаттық, мотивациялық, коммуникативтік, мазмұндық, реттеушілік және нәтижелік құрамдас бөліктерден тұратын мұндай кейстерді студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың тиімді құралдарының бірі бола алады деп санайды.

Болашақ мұғалімдерді кәсіби даярлау процесінің мәні субъект-субъектілік қарым-қатынастар жүйесін модельдеу, студенттердің өзара қарым-қатынас пен өзара әрекеттестікке белсенді қатысуын қамтамасыз ету, олардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және бастапқы тәжірибелік білімдерін жинақтау үшін жағдай жасау болып табылады. Бұл технологияны кәсіби білім беру процесінде қолдану болашақ мұғалімдердің танымдық белсенділігін арттыруға, зерттеушілік және кәсіби біліктері мен дағдыларын (өздігімен жұмыс істеу дағдысы; жұмыс процесінде туындайтын стандартты емес жағдайларды бағдарлау; өзгермелі жағдайларда әрекет етудің тиімді жолдарын таңдау және т.б.) дамытуға жағдай жасайды. Кейсті шешу немесе құру бойынша жұмыс жасай отырып, студенттердің оқу-кәсіби дербестігі, яғни оқу кезеңінде де, оны аяқтағаннан кейін де кәсіпті өз бетінше меңгеру қабілеті қалыптасады.

Мақалада кейс әдісінің қарастырылуына қатысты көзқарастар келтіріліп, зерттеу тәжірибесі баяндалады, оқу процесін ұйымдастыру барысында коммуникативтік-танымдық кейстермен жұмыс істеудің негізгі кезеңдері көрсетіледі. Мақалада келтірілген зерттеу

материалы кейстерді құру кезінде қандай мәселелер туындайтынын және оларды шешудің қандай мүмкін жолдары бар екендігіне назар аудартады.

Тірек сөздер: құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, инновациялық технология, кейс технологиялары, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру, коммуникативтік-танымдық кейстер, жағдаяттарды талдау, кейс әдісінің мүмкіндіктері, жағдаяттық тапсырма

Кіріспе

Қоғам дамуының қазіргі заманғы үрдістері білім берудің күтілетін нәтижелері деңгейіне қойылатын талаптарды айтарлықтай арттырды. Бұл мобильділік, даралық, жанашылдық, ынтымақтастыққа қабілеттілік, педагогикалық жағдайларды шығармашылық талдауға қабілеттілік және оларды шешу бойынша ұтымды шешім қабылдаушылық секілді қасиеттерге ие мамандар даярлауды қажеттігін алға тартуда.

Мұның өзі, мамандыққа даярлық мәселесін қайта зерделеу және пәндерді, оқытудың жаңа әдістерін іздестіру, озық тәжірибелерді зерделеу қажеттіліктерін тудырады, оқытудың белсенді әдістерін басым пайдалануға бағытталған тиісті технологияларды дамытуды талап етеді.

Бұл бағыттағы негізгі міндеттерді шешуде өзіндік орны бар әдістердің бірі кейс (нақты жағдаяттарды талдау) әдісі болып табылады. Оның дидактикалық әлеуеті студенттердің жағдаятты оңтайлы шешу жолдарын іздеуге бағытталған аналитикалық әрекеттері арқылы көрініс береді.

Кейс әдісі маңызды дағдылар мен біліктерді (аналитикалық, практикалық, шығармашылық, коммуникативтік, өзін-өзі талдау және рефлексия), сондай-ақ коммуникативтік тұрақтылық, әлеуметтік жауапкершілік, таным мен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылыс секілді жеке қасиеттердің тұтас жүйесін дамытуға мүмкіндік береді..

Бұл әдісті білім беру үдерісінде тиімді қолдану үшін нақты дұрыс әзірленген жағдаят, онда қойылған мәселені шеше алуға қажетті және жеткілікті теориялық білімдердің жиынтығы, оны жүзеге асырудың оңтайлы әдістемесінің болуы аса маңызды.

Мақалада кәсіби құзыреттілік мәселесін заманауи тұжымдамалық көзқарастар тұрғысынан талдап, оны болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының маңызды құндылық-мақсатты бағдары ретінде қарастыру және осы процесті әдістемелік тұрғыдан жабдықтаудың жаңа жолдарын іздестіру; соның ішінде коммуникативтік-танымдық кейстердің ерекшеліктері мен олардың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтау көзделеді.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі таңда білім беру саласындағы құзіреттілік тәсіл мәселелерін қарастыруда бірқатар тәжірибе жинақталған. Олардың қатарында И.А.Зимняя, Н.В. Кузьмина, Т.А. Петровская, А.К. Маркова, Ж.М. Митина және басқаларын атауға болады. Ал А.Т. Андреев, Ф.Н. зерттеулері болашақ мұғалімдердің кәсіби құзіреттілігі мәселелерін көтеруімен құнды болып табылады. Бұл еңбектерге талдау жасау болашақ маманда негізгі

құзіреттіліктерді қалыптастыру аса маңызды проблема екендігіне көз жеткізе түседі және осы мәселеге қызығушылықтың артқанын байқатады.

Бірқатар қазақстандық авторлар зерттеулерінде құзіреттіліктерді қалыптастыру қажеттігі студенттердің болашақ кәсіби-педагогикалық іс-әрекеттерінің сипатымен байланыстырылады. Кәсіби құзіреттілік құрамдарына және олардың өзара байланысына сипаттама беріледі, болашақ мұғалімдердің мамандыққа қатысты құзіреттілігін дамытудың әртүрлі қырлары қарастырылады [1,2].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау кәсіби құзіреттілікті қалыптастырудың өзекті мәселе екендігін дәлелдей түседі, алайда олардың мазмұны, құрылымы, қалыптастыру жолдарын ғалымдар түрліше түсіндіруде. Әсіресе, кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру әдістері мен құралдарын дамытуды болашақ мұғалімдерді даярлауға ғылыми-зерттеушілік, жобалық және эвристикалық әдістерді, дидактикалық ойындар мен кейс-технологияларды енгізумен байланыстыратын зерттеулер аса қызығушылық тудырады.

Мәселен, білім алушылардың жалпы және арнайы құзіреттіліктерін қалыптастырудағы кейс-технологиясының педагогикалық әлеуеті (А.С.Еремін, Н.Павельева, Э.Шимутина және т.б.), білім беру үрдісінде кейс-технологиясын қолдану мәселелері қозғалған (В.П. Беспалко, Е.С.Полат, Т.Д.Стрельникова, О.Г. Смолянинова және т.б.) еңбектерді атап өтуге болады.

Соның ішінде О.Г. Смолянинова, Н.Ф.Радионова және А.П.Тряпицына зерттеулері Case-study әдісіне негізделген инновациялық оқыту технологияларын қарастыруларымен құнды [3,4].

Бірқатар зерттеулер кейс-технологияларын қолдану мәселелеріне арналған, мәселен В.А.Лазарев, С.Н.Штанов – студенттердің танымдық іс-әрекеттегі белсенділігін арттыру [5]; И. К. Масалков – кейс-стади әдіснамасы мен оны жүзеге асыру техникасы [6]; И.В.Гладких – түрлі форматтағы оқу кейстеріне қойылатын талаптар [7]; М.Г.Голубчикова, С.А.Харченко – кейстерді тұтастық және жүйелілік тұрғысынан пайдалану жолдары [8]; проблемаларын көтерген.

Зерттеушілер білімді меңгеру және практикалық дағдыларды қалыптастырумен қатар, студенттердің құндылықтар жүйесін, олардың жеке ұстанымын және өмірлік көзқарасын дамытуды кейс-технологиясының сөзсіз артықшылығы ретінде мойындайды.

Кейс-технологиясы проблемаларды оқу үдерісінде арнайы нақты үлгіленген өндірістік жағдайды пайдалануға негізделеді және мұнда проблеманы талдау және анықтау, баламалы шешімдерді іздестіру, олардың ішіндегі оңтайлысын қабылдау мақсаты көзделеді. Талдау нәтижелері көрсетіп отырғандай, бұл технология ғылымда белгілі білімдерді игеруді ғана емес, сондай-ақ жаңа объективті білім алуы да қамтамасыз етеді. Сондықтан, кейс-технологиялардың болашақ мұғалімнің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру құралы және оның тұлғалық қасиеттерін дамыту ретіндегі әлеуеті аса жоғары болып табылады.

Кейс-технологиясын проблемалық оқытумен байланыстырып, оның негізін оқушылардың туындаған мәселені түсінуі нәтижесінде пайда болатын проблемалық жағдаят ретінде қарастыратын В.А.Скакун пікірмен толық келісуге болады [9].

Басқаша айтқанда, студенттер дайын кейстерді «тұтынушылар» емес. Кейстерді дайындау кезеңінде олар бұл процеске жанама түрде ғана емес (оқытушы студенттердің қызығушылықтарын ескеруі маңызды), сонымен қатар іс-әрекеттің мақсатын, түрін және жоспарын алдын ала талқылау арқылы тікелей қатысуы керек. Студенттер кейс бойынша ақпаратты жинауға белсене қатыса алады, бұл оқытушының жұмысын жеңілдетуге және студенттердің жауапкершілігін, дербестігін және ынтасын арттыруға көмектеседі.

Н.П.Колесник, Ю.П.Сурмин және өзге де бірқатар зерттеушілердің пікірінше, кейс бір жағынан тапсырма және екінші жағынан атқарылатын оқу әрекеттері нұсқаларын түсіну үшін ақпарат көзі болып табылады [10, 11].

Ал кейс технологиялардың оқушылардың оқу жетістігін бақылау мен бағалаудың заманауи формасы ретіндегі роліне тоқтала келе, қазақстандық авторлар олардың оқушылардың танымдық мүмкіндіктері мен шығармашылық қабілеттерін жандандыруға және дамытуға ықпал ететіндігін орынды атап көрсетеді [12].

Осы орайда, кейс әдісін сипаттай отырып, оның коммуникативтік-танымдық астарын қарастыру қажеттігі туындайды. Бұл тұрғыда студенттердің дербестігі мен шығармашылық белсенділігінің дәрежесін арттыру репродуктивті-түсіндірмеліден өнімді-оқытуға, одан өзіндік зерттеу жағдайларына көшу арқылы жүзеге асады. Оқытушы-студент арасындағы ақпараттық өзара бірлескен әрекет, бүкіл қатысушылардың арасында біртұтас коммуникациялық байланыстың іске асуы бұл процеске қатысушылардың шығармашылық объектісінен шығармашылық субъектісіне айналуына мүмкіндік туғызады.

Жағдаятты талдау кезіндегі пікірталас немесе коммуникацияның өзге де түрлері әрбір қатысушыға өзінің әлсіз жақтарын ашуға және өз білімін жақсартуға деген ұмтылысты оятуға мүмкіндік береді, сондай-ақ нәтижелі қарым-қатынас қалыптастыруға ықпал етеді.

Сонымен, коммуникативтік-танымдық кейстер проблеманы модельдеу, жүйелік талдау, ойша эксперимент, сипаттау, жіктеу, ойын әдістері секілді танымдық процестердің түрлерін қамтитын күрделі нақты жағдаяттарға негізделетін кешенді сипатымен ерекшеленеді және студенттердің кәсіби дайындығын, қызығушылықтарын, ойлау стилі мен мінез-құлқын ескере отырып, кәсіби құзыреттілікті дамытуға мүмкіндік береді.

Олай болса, кейс тапсырмасында қамтылған мәселені шешу нұсқаларын іздестіру кезінде әмбебап және кез келген түрге қолданылатын іс-әрекеттің құрылымы мен мазмұнына сүйену аса маңызды. Яғни, мәселені шешу іс-әрекеттің бағдарлау, жоспарлау, орындау, бақылау, бағалау, түзету, рефлексия секілді барлық кезеңдерін сипаттау болып табылады және бұл іс-әрекетте мақсат, пән, әдістер, құралдар, әрекеттер мен нәтиженің ескерілуі аса маңызды. Кейсті шешу кезінде осы категориялармен жұмыс істеу болашақ

мұғалімдерде өзінің кәсіби іс-әрекетіне, педагогикалық өзара әрекеттестіктің әрбір актісіне саналы көзқарас қалыптастыруға, олардың өзінің кәсіби тәжірибесін және өз оқушыларының өмірлік тәжірибесін қалыптастыру үшін маңыздылығын терең ұғынуға, қысқа уақыттың өзінде жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Сонымен, коммуникативтік-танымдық кейстер деп біз «оқытушы-студент» жүйесіндегі білім беру процесінде өзара әрекеттесу барысында мүмкін болатын немесе орын алатын жағдаятты түсінеміз, оның ішіне қарастырылатын мәселенің толық сипаттамасы, мәселені шешу субъектілерінің мақсаттары, негізгі тапсырма, жағдаяттың мазмұны, шешуге тиіс міндеттер, дұрыс шешім табуға көмектесетін теориялық ақпарат, жағдайдан шығудың мүмкін нұсқалары енеді.

Нәтижелер және талқылау

Жалпы алғанда, кейс технологиясының білім берудегі мүмкіндіктері кеңінен қарастырылып келеді. Оның білім берудегі құзіреттілік, тұлғалық-бағдарлық тәсілдерді іске асырудағы және оның сапасын көтерудегі мәртебесі анықталған.

Алайда, заманауи білім беру технологияларының оқу үдерісіне енгізілу жағдайын саралау коммуникативтік-танымдық кейстер білім беру тәжірибесінде кеңінен тарала қоймағандығын көрсетеді.

Диагностикалық зерттеу нәтижелерін талдау бұл жағдайдың себептерін жоғары оқу орындарындағы болашақ мұғалімдерді оқытудың қазіргі тәжірибесінен іздестіру қажеттігін көрсетеді. Бұл қиындықтар сондай-ақ, студенттердің кәсіби құзіреттілігін қалыптастыру технологиясының педагогикалық әлеуеті жөніндегі білімдерінің жеткіліксіздігімен де байланысты екендігін байқатады.

Коммуникативтік-танымдық кейстердің негізгі міндеті - жаңа білім алу немесе жағдаятты талдау. Бұл жағдайда кейс болашақ кәсіби қызмет үшін қажетті жаңа білімді жинақтау әдісіне айналады және коммуникативтік-танымдық кейстердің оқыту функциясы үйренудің жаңа әдісін (кейсті) және оны қолдану техникасын меңгеруді талап етеді.

Жүргізілген диагностикалық зерттеу нәтижелері болашақ мұғалімдердің жаңа тәсілдермен сабақ құрылымын түзуде, өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін талдауда қиындықтарға тап болатынын көрсетеді; студенттердің теория мен практиканы толық байланыстыра алмайтындары байқалады; оларды қолдану мүмкіндіктері жеткіліксіз. Бұл айтылғандар заманауи жаңашыл технологияларды, оның ішінде кейс технологиясын пайдалана отырып, кәсіби құзыреттіліктерді қалыптастыру бойынша мақсатты тәжірибеге бағытталған жұмыстардың қажеттігін көрсетеді.

Осы орайда болашақ маманның кәсіби құзыреттілік технологиясын меңгерген, меңгермегендігі; оқу іс-әрекетін өздігінен ұйымдастыруға қабілеті; мамандыққа даярлық барысында туындайтын мәселелерді, жағдаяттық

тапсырмаларды шешуге дайындығы жөнінде мәліметтер алу мақсатында сауалнама жүргізілді (Кесте 1).

Кесте 1 - Студенттердің сауалнама сұрақтарына жауаптарын талдау нәтижелері

Р/с	Сауалнама сұрақтары	Жауаптардың көрсеткіштері (%)		
		Жақсы біледі	Орташа біледі	Білмейді
1	Кәсіби құзыреттілік дегенді қалай түсінесіз?	26	36	38
2	Болашақ мұғалімнің қызметіне даярлануда кәсіби құзыреттіліктің қажеттілігін қалай түсінесіз?	28	46	26
3	«Кейс технологиясы» ұғымымен таныссыз ба?	26	30	44
4	Коммуникативтік-танымдық кейстер сабақ барысында қолданылады ма?	30	36	34

Студенттердің жауаптарын талдау барысында мынадай тұжырым жасауға болады: коммуникативті танымдық кейстер арқылы студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамыту үшін бірқатар білім мен біліктердің болуы міндетті. Кейс технологиясын пайдалана білу, оның ерекшеліктерін ажырата алу, шығармашылықпен ізденісте интернет желісін меңгеру, оларды оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану арнайы білім мен дағдыларды қажет етеді.

Егер біз болашақ мұғалімнің жағдаяттық тапсырмаларды шешу қабілетін дамыту арқылы кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды көздейтін болсақ, практикалық іс-әрекеттерде олардың бұған қалай қол жеткізетінін ойластыру аса маңызды.

Бақылау барысында байқағанымыздай, оқытушылар студенттерге ұсынылатын тапсырмалар арасынан кеңінен орын алатын оқу әрекеттері: реферат жазу, конспект толтыру, ауызша жауап беру, тест сұрақтарын ойластыру, жоба әзірлеу. Әрине, бұл тапсырмалар да кәсіби құзыреттіліктің болуын талап етеді. Дегенмен, болашақ педагогикалық қызметтің кәсіби құзыреттілік сипатын есепке алу тапсырмалар түрлерін кеңейтуді талап етеді деген пікірдеміз.

Мұның өзі болашақ мұғалімдердің кәсіби іс-әрекетті модельдеуге және оларды қажетті ақпараттық тұрғыдан қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесінің өзектілігіне көз жеткізе түседі.

Білім беру процесінде кейс технологияларын қолданудың әртүрлі бағыттарын жүзеге асыру теория мен практиканың өзара конструктивті әрекетін қамтамасыз ету; болашақ мұғалімдерді кәсіби мәселелерді шешуге дайындау және оның тиімділік деңгейін бағалау; олардың интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін, педагогикалық ойлауын дамыту міндеттерін шешуге мүмкіндік береді.

Келесі кезекте жоғары оқу орнының оқытушыларының арасында сауалнамалар жүргізіліп, мынадай сұрақтар қойылды:

1. Оқу үдерісінде студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда қандай жұмыстар жүргізесіз?

2. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін арттыруда коммуникативтік-танымдық кейстерді қолданасыз ба?

3. Студенттердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда қандай шығармашылық тапсырмаларды қолданасыз?

4. Қазіргі кезде болашақ мұғалімдерді дайындауда өзіңіз қандай шығармашылық әрекетпен айналысып жүрсіз?

Сауалнама нәтижелері бойынша оқытушылардың 60% коммуникативтік-танымдық кейстер туралы біліммен қаруланған десе болады. Бірақ, оқытушылардың көпшілігі коммуникативтік-танымдық кейстер арқылы студенттерге тапсырмаларды дайындауда шығармашылықпен қолдану сипатына мән бермейді, пән сабақтарын ұйымдастыруда коммуникативтік-танымдық кейстердің мүмкіндіктері ескерілмейді.

Бұл айтылғандарды қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытуда коммуникативтік-танымдық кейстерді қолдану деңгейінің төмендігі, оны жетілдіру мақсатында жүйелі жұмыстардың жүргізілмейтіндігі, коммуникативтік-танымдық кейстерді пән сабақтарында қолдану өз дәрежесінде өткізілмейтіндігі, техникалық-әдістемелік құралдармен жеткіліксіз жабдықталғандығы байқалады.

Аталған проблемаларды шешу үшін біз пәндерді оқытуды кәсіби құзыреттілікті дамыту мен біріктіруге көмектесетін, сондай-ақ оқытудың ақпараттық-коммуникациялық құралдары арқылы оқу процесін басқарудың жаңа жедел мүмкіндіктерін пайдалануды көздейтін коммуникативтік-танымдық кейстерді әзірлеу тиімді деп есептейміз. Осылайша, жаңа педагогикалық білім беру ортасы қайта құрылады және ол болашақ мұғалімнің мүдделеріне, оның дайындық деңгейіне және студенттердің аудиториялық және аудиториядан тыс тәуелсіз оқу іс-әрекеттерін жандандыру негізінде жұмыс істеуге бөлінген уақытқа сәйкес пәндерді оқытудың әртүрлі құралдарын біріктіру үшін кеңістік және технологиялық негіз болып табылады.

Коммуникативтік-танымдық кейстер арқылы біз динамикалық тұрғыда ұйымдастырылған, кәсіби бағытталған материалдарды енгізуді ұсынамыз, олар бір жағынан қалыптасқан құзыреттіліктерді ескере отырып таңдалған коммуникативтік-танымдық тапсырмалар жиынтығын құрайды, ал екінші жағынан алгоритмдер мен типтік тәжірибелік жағдаяттарды шешудің әртүрлі нұсқаларын қамтиды. Коммуникативтік-танымдық кейстер жан-жақтылығымен ерекшеленеді, алайда оқыту процесінде оны дәстүрлі әдістемемен үйлестіре отыра қолданған жөн.

Осылайша, коммуникативтік-танымдық кейстер оқыту процесінде студенттердің алған теориялық білімдері мен практикалық дағдыларын

бірлестікте қолдануға мүмкіндік береді, сонымен қатар болашақ мұғалімді практикада педагогикалық шешім қабылдауға үйретеді.

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, коммуникативтік-танымдық кейстерді құрудың негізгі талаптарын, технологиялық ерекшеліктерін және шарттарын пайдалану болашақ мұғалімде аналитикалық, шығармашылық, практикалық, коммуникативтік, әлеуметтік сипаттағы дағдыларды, сондай-ақ рефлексиялық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді деген тұжырым жасауға болады.

Олар нақты пәннің оқу жоспарларын, мақсаттарын, міндеттерін және оқу кабинеттерінің техникалық жабдықталуын ескере отырып жүзеге асырылады. Бұл ретте студенттердің қызығушылықтары мен қажеттіліктері, олардың білім деңгейі, сонымен қатар кейстерді оқу процесіне дайындауға, өткізуге және тиімді енгізуге ықпал ететін басқа да факторлардың ескерілуі маңызды.

Коммуникативтік-танымдық кейстердің білім берудегі қолданыс аясы айтарлықтай кең: оны дәрістерде, семинарларда, практикалық сабақтарда және өзіндік жұмыстарда қолдануға болады.

Олардың педагогикалық әлеуетін былайша ажыратып көрсетуге болады:

- кейс жаттығулары студенттердің кәсіби іс-әрекетіне тән жағдаяттарды көрсетеді;

- коммуникативтік-танымдық кейстер мазмұнындағы тапсырманы талдау кезінде дайын білімді меңгеруге емес мәселені талдауға баса көңіл бөлінеді;

- кейс тапсырмалары оқытушы мен білім алушылардың өзара қарым-қатынасын болжайды, бұл оны оқытудың интерактивті тәсілі ретінде мойындау қажеттігіне көз жеткізе түседі;

- коммуникативтік-танымдық кейстер оқытушылардың, сондай-ақ студенттердің шығармашылық мүмкіндіктеріне, оны құру, талдау және шешім қабылдай білу дағдыларының дамуына жол ашады;

- коммуникативтік-танымдық кейстер болашақ мұғалімнің өзіндік жұмысын ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылау үшін ресурс қызметін атқарады.

Педагогикалық бағыттағы (оқыту теориясы мен әдістемесі, педагогикалық шеберлік, педагогикалық технологиялар, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі және т.б.) және мамандық саласы бойынша курстарды оқытуда коммуникативтік-танымдық кейстерді жүйелі түрде қолдану студенттердің білімді кәсіби іс-әрекетте қолдана білу қабілетімен айқындалатын жаңа сапалы деңгейге көшулеріне ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТ

[1] Абилбакиева Г. Т. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру (Formation of managerial competencies of teachers of future preschool organizations through information and communication technologies.). 6D010100-Мектепке

дейінгі оқыту және тәрбиелеу Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация Алматы, 2019.

[2] Абдуллаева П.Т. Университеттік білім беру жүйесінде болашақ педагог-психологтардың диагностикалық құзыреттілігін қалыптастыру (Formation of diagnostic competence of future teachers-psychologists in the system of university education). 6D010300 – Педагогика және психология Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін жазылған диссертация. Алматы, 2018.

[3] Смолянинова О.Г. Информационные технологии и методика Case Study в профессиональном обучении студентов педагогического вуза: Труды II Всероссийской конференции «Образование XXI века: инновационные технологии: диагностика и управление в целях информатизации и гуманизации». - Красноярск, 2000.

[4] Радионова Н.Ф., Тряпицына А.П. Инновации в высшем педагогическом образовании как объект педагогических исследований / Н.Ф. Радионова, А.П. Тряпицына // Научные традиции и перспективы педагогики. Гер-ценовские чтения: Межрегиональный сборник научных трудов / Под ред. Е.В. Титовой. - СПб.: Изд-во «Прополис», 2001. - С. 93-157.

[5] Лазарев В.А., Штанов С.Н. Кейс-технологии в проектной деятельности и профессионализме : учеб.-метод. пособие для преп. СПО / В. А. Лазарев, С.Н. Штанов. – Н. Новгород : Изд-во «Дятловы горы», 2009. – 124 с.

[6] Масалков И. К. Стратегия кейс-стади : методология исследования и преподавания : учебник для вузов / Масалков И. К. , Семина М. В. - Москва : Академический Проект, 2020. - 443 с.

[7] Гладких И.В. Разработка учебных кейсов: методические рекомендации для преподавателей бизнес-дисциплин. 5-е издание 2010 – 96 с.

[8] Голубчикова М.Г., Харченко С.А. Кейс-технологии в профессиональной подготовке педагогов: учеб. пособие. Иркутск: ВСГАО, 2012 – 116 с.

[9] Скакун В.А. Современные педагогические технологии. - Брянск: Изд-во БГПУ, 2001. – 393с.

[10] Колесник Н.П. Кейс-стади в интерактивном обучении педагогике /Методические рекомендации - в 2-х частях /41 - СПб НП «Стратегия будущего», 2006 198 с

[11] Сурмин Ю.П., Сидоренко А., Меер, К. Ситуационный анализ, или анатомия Кейс-метода / Ю.П. Сурмин, А. Сидоренко, К. Меер. - Киев: Центр инноваций и развития, 2002. – 286 с.

[12] Абдыкеримова Э.А., Куркменбаев А.Б., Куанбаева Б.У., Коцанова Г.Р. Кейс-технологиялар - оқушылардың оқу жетістігін бақылау мен бағалаудың заманауи формасы.... Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университетінің хабаршысы, №6 (400) ноябрь-декабрь 2022, с.5-22.

REFERENCES

[1] Abılbakıeva G. T. Aqparattyq-komýnikasiyalyq tehnologialar arqyly bolashaq mektepke deingı uıym pedagogteriniń basqarıshylyq quzyrettiligin qalyptastyru. 6D010100-Mektepke deingı oqytı jáne tárbielıy Filsofia doktory (PhD) dárejesin alı úshin daiyndalǵan disertasia Almaty, 2019.

[2] Abdýllaeva P.T. Ýniversitettik bilim berı júesinde bolashaq pedagog-psihologtardyń diagnostikalıyq quzyrettiligin qalyptastyru. 6D010300 – Pedagogika jáne psihologia Filsofia doktory (PhD) dárejesin alı úshin jazylǵan disertasia. Almaty, 2018.

[3] Smolyaninova O.G. Informatsionnyye tekhnologii i metodika Case Study v professional'nom obuchenii studentov pedagogicheskogo vuza (Information technologies and Case Study methodology in professional training of students of a pedagogical university): Trudy II Vserossiyskoy konferentsii «Obrazovaniye XXI veka: innovatsionnyye tekhnologii: diagnostika i upravleniye v tselyakh informatizatsii i gumanizatsii». - Krasnoyarsk, 2000. [In rus.].

[4] Radionova N.F., Tryapitsyna A.P. Innovatsii v vysshem pedagogicheskom obrazovanii kak ob"yekt pedagogicheskikh issledovaniy. (Innovations in higher pedagogical education as an object of pedagogical research)/ N.F. Radionova, A.P. Tryapitsyna // Nauchnyye traditsii i perspektivy pedagogiki. Ger-tsenovskiy chteniya: Mezhhregional'nyy sbornik nauchnykh trudov / Pod red. Ye.V. Titovoy. - SPb.: Izd-vo «Propolis», 2001. - S. 93-157. [In rus.]

[5] Lazarev V.A., Shtanov S.N. Keys-tehnologii v proyektnoy deyatel'nosti i professionalizme : ucheb.-metod. posobiye dlya prep. SPO (Case technologies in project activities and professionalism: educational method. manual for teachers SPO)/ V. A. Lazarev, S.N. Shtanov. – N. Novgorod : Izd-vo «Dyatlovy gory», 2009. – 124 s. [In rus.]

[6] Masalkov I. K. Strategiya keys stadi : metodologiya issledovaniya i prepodavaniya : uchebnik dlya vuzov (Case study strategy: methodology of research and teaching: textbook for universities) / Masalkov I. K. , Semina M. V. - Moskva : Akademicheskii Proyekt, 2020. - 443 s. [In rus.]

[7] Gladkikh I.V. Razrabotka uchebnykh keysov: metodicheskiye rekomendatsii dlya prepodavateley biznes-distiplin (Development of educational cases: methodological recommendations for teachers of business disciplines). 5-ye izdaniye 2010 – 96 s. [In rus.]

[8] Golubchikova M.G., Kharchenko S.A. Casus technologiae in professionali institutione docentium (Case technologies in professional training of teachers): artem. annonam. Irkutsk: VSGAO, 2012 – 116 p. [In rus.]

[9] Skakun V.A. Sovremennyye pedagogicheskiye tehnologii (Modern pedagogical technologies). - Bryansk: Izd-vo BGPU, 2001. — 393s. [In rus.]

[10] Kolesnik N.P. Keys-stadi v interaktivnom obuchenii pedagogike (Case study in interactive teaching pedagogy) /Metodicheskiye rekomendatsii - v 2-kh chastyakh /41 - SPb NP «Strategiya budushchego», 2006 198s. [In rus.]

[11] Surmin YU.P., Sidorenko A., Meyer, K. Situatsionnyy analiz, ili anatomiya Keys-metoda (Situational analysis, or anatomy of the Case method)/ YU.P. Surmin, A. Sidorenko, K. Meyer. - Kiyev: Tsentr innovatsiy i razvitiya, 2002. - 286 s. [In rus.]

[12] Abydykerimova E.A., Kurkmenbayev A.B., Kuanbayeva B.U., Koshchanova G.R. keys tehnologiyalar - ok,ushylardyñ ok,u zhetistigin bak,ylau men bagalaudyñ zamanauy formasy....(Case technology - okushylardyn oku zhetistigin baqylau men bagalaudyn zamanauy forms....) Kazakstan Respublikasy Ūlttyk, Ğylym Akademiyasynyñ Abay atyndaǵy Kazak, Ūlttyk, Pedagogikalyk, universitetiniñ khabarshysy, №6 (400) noyabr'-dekabr' 2022, s.5-22 [In Kaz.].

КОММУНИКАТИВНО-ПОЗНАВАТЕЛЬНЫЕ КЕЙСЫ КАК СРЕДСТВО ФОРМИРОВАНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ БУДУЩЕГО УЧИТЕЛЯ

*Қалиева К.М.¹, Жансугурова К.Т.², Аубакирова Г.М.³, Утебаева Б.Т.⁴

¹к.п.н., профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Қазақстан
e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

² к.п.н., асс.профессор, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Қазақстан
e-mail: kulaisha61@mail.ru

³ к.п.н., доцент, КазУМОиМЯ имени Абылай хана, Алматы, Қазақстан
e-mail: gulsara_genpi@mail.ru

⁴м.п.н., ст.преподаватель, Казахский национальный университет имени Курмангазы, Алматы, Қазақстан
e-mail: bota071@mail.ru

Аннотация. В условиях динамичных процессов, происходящих на современном этапе развития общества Казахстана, характерна смена образовательных парадигм, переход

к новым педагогическим технологиям, ориентированным на вариативность, субъектность, творческую индивидуальность, личностный потенциал специалистов, максимально готовых к практической деятельности, способных быстро включаться в инновационные процессы и корректировать свою профессиональную деятельность.

В статье раскрывается сущность одной из инновационных форм эффективных технологий обучения с использованием коммуникативно-познавательных кейсов, отмечены преимущества применения данной технологии в формировании профессиональной компетенции будущих учителей, раскрыты дидактические возможности инновационного метода обучения, представлена технология его применения в педагогическом процессе.

Авторы предполагают, что коммуникативно-познавательные кейсы, т.е. кейсы, содержащие целевые, мотивационные, коммуникативные, содержательные, процессуальные, результативные компоненты, могут стать одним из эффективных средств формирования у студентов профессиональной компетенции.

Сущность процесса профессиональной подготовки будущих учителей составляет моделирование системы субъект - субъектных отношений, создание условий для активного участия студентов в общении и взаимодействии, для развития их профессиональной компетенции и накопления первоначального опыта практической деятельности.

Использование данной технологии в процессе профессионального образования создает условия для активизации познавательной деятельности будущих учителей, развития исследовательских и профессиональных умений и навыков (умений самостоятельной работы; ориентации в нестандартных ситуациях, возникающих в процессе труда; выбора эффективных способов действия в изменяющихся условиях и др.). Работая над решением или созданием кейса, студенты формируют учебно-профессиональную самостоятельность, то есть способность самостоятельно осваивать профессию как в период обучения, так и после его завершения.

Приводятся примеры различных подходов к пониманию кейс-метода, описан опыт исследования и выделены основные этапы работы с коммуникативно-познавательными кейсами в процессе организации учебного процесса. Исследовательский материал, представленный в статье, показывает, какие проблемы возникают при создании кейсов, какие возможны пути их решения.

Ключевые слова: профессиональная компетенция, инновационная технология, кейс-технологии, формирование профессиональной компетенции, коммуникативно-познавательные кейсы, анализ конкретных ситуаций, возможности метода кейсов, ситуационная задача

COMMUNICATIVE-COGNITIVE CASES AS A MEANS OF FORMING PROFESSIONAL COMPETENCE OF A FUTURE TEACHER

*Kalieva K.M.¹, Zhansugurova K. T.², Aubakirova G.M.³, Utebaeva B.T.⁴

^{*1}c.p.s., professor, kazumoimya imeni Abylai Khana, Almaty, Kazakhstan
e-mail: kalieva.k.m@mail.ru

²c.p.s., ass.professor, Ablai Khan KazUIRandWL, Almaty, Kazakhstan
e-mail: kulaisha61@mail.ru

³c.p.s., associate professor, kazumoimya imeni Abylai Khana, Almaty, Kazakhstan
e-mail: gulsara_geni@mail.ru

⁴m.p.n., senior lecturer, Kazakh National University named after Kurmangazy, Almaty, Kazakhstan
e-mail: bota071@mail.ru

Abstract. In the context of dynamic processes occurring in Kazakhstan, the current stage of development of society is characterized by a change in educational paradigms, a transition to new pedagogical technologies focused on variability, subjectivity, creative individuality, and the personal potential of specialists who are maximally ready for practical activities, able to quickly engage in innovative processes and adjust your professional activities.

The article reveals the essence of one of the innovative forms of effective teaching technologies using communicative and cognitive cases, notes the advantages of using this technology in the formation of professional competence of future teachers, reveals the didactic capabilities of the innovative teaching method, and presents the technology of its application in the pedagogical process.

The authors suggest that communicative-cognitive cases, i.e. cases containing target, motivational, communicative, meaningful, procedural, and effective components can become one of the effective means of developing professional competence in students.

The essence of the process of professional training of future teachers is the modeling of the system of subject-subject relations, the creation of conditions for the active participation of students in communication and interaction, for the development of their professional competence and the accumulation of initial practical experience.

The use of this technology in the process of vocational education creates conditions for enhancing the cognitive activity of future teachers, developing research and professional skills (skills of independent work; orientation in non-standard situations that arise in the process of work; choosing effective methods of action in changing conditions, etc.). By working on solving or creating a case, students develop educational and professional independence, that is, the ability to independently master a profession both during the period of study and after its completion.

Examples of various approaches to understanding the case method are given, research experience is described, and the main stages of working with communicative-cognitive cases in the process of organizing the educational process are highlighted. The research material presented in the article shows what problems arise when creating cases and what possible ways to solve them.

Key words: professional competence, innovative technology, case technologies, formation of professional competence, communicative and cognitive cases, analysis of specific situations, possibilities of the case method, situational task

Статья поступила 01.03.2024